

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау Комитетімен

2012 жылдың 30 шілдесінде

**к е л і с і л д і**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2012 жылдың 14 мамырындағы  
№ 09 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау Комитетінің  
Төрағасы

2012 жылдың 30 шілдесінен бастап

**қолданысқа енгізілді**

К.Б. ҚОЖАХМЕТОВ

## Инсайдерлік ақпараттың ТІЗІМІ

---

Алматы

2012

### 1 бөлім. Жалпы қағидалар

1. Осы Инсайдерлік ақпараттардың тізімі Настоящий Перечень инсайдерской информации (бұдан әрі – Тізім) Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.
2. Тізімде Биржаның, бағалы қағаздар эмитенті третінде, инсайдерлік ақпараттарын құрайтын мәліметтердің және Биржаның, сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде, қолжетімді инсайдерлік ақпараттардың тізімін анықталған.
3. Тізімге кіреді:
  - 1) Биржаның бағалы қағаздар (туынды бағалы қағаздар) эмитенттерінен (рұқсаттама бастамашыларынан) алған ақпараттары;
  - 2) Биржаның Биржа мүшелерінен алған ақпараттары;
  - 3) Биржаның, сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде, өз функцияларын атқару шегінде Биржа органдарының шешімдері туралы ақпараттар;
  - 4) сауда-саттықтар туралы ақпараттар;
  - 5) Биржаның, бағалы қағаздар эмитенті ретіндегі, ақпараттары;
  - 6) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша Биржаның клирингтік қызметін жүзеге асыруындағы ақпараттар.
4. Инсайдерлік ақпараттармен жұмыс жасау тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

### 2 бөлім. Биржаның бағалы қағаздар (туынды бағалы қағаздар) эмитенттерінен (рұқсаттама бастамашыларынан) алған, ақпараттары

5. Биржаның, бағалы қағаздар (туында бағалы қағаздар) эмитенттерінен (рұқсаттама бастамашыларынан) алған, инсайдерлік ақпараттарына жатады:
  - 1) Биржаның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу (бағалы қағаздардың ресми тізімде айналысына рұқсат ету) мақсатында Биржаға ұсынылатын, ақпараттар мен құжаттар;
  - 2) Биржаның ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес, бағалы қағаздардың ресми тізімде болуы кезінде Биржаға ұсынылатын, ақпараттар мен құжаттар;
  - 3) бағалы қағаздардың (туында бағалы қағаздардың) эмитенті және/немесе рұқсаттама бастамашысының Биржа алдында ақпараттар ашу бойынша міндеттемелерін орындау шегінде ұсынылатын, мәліметтері;
  - 4) эмитенттің ішкі құжатына сәйкес, инсайдерлік ақпарат деп белгіленген, өзге де ақпараттар.
6. Тізілімнің 5 тармағында аталған ақпараттарды Биржа бағалы қағаздар (туында бағалы қағаздар) эмитенттерінен және/немесе рұқсаттама бастамашыларынан алған сәттен бастап Қазақстан Республикасы заңнамасына және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес тұлғалардың шектелмеген саны арасында ашу сәтіне дейін инсайдерлік ақпарат болып табылады.

### 3 бөлім. Биржаның Биржа мүшелерінен алған, ақпараттар

7. Биржаның Биржа мүшелерінен алған инсайдерлік ақпараттарына жатады:
  - 1) Биржа мүшелерінің қаржылық есеп берушіліктері;

- 2) қаржылық есеп берушіліктен басқа, Биржа мүшесінің қаржылық жағдайына қатысты мәліметтер, соның ішінде, бірақ тек осылар ғана емес: меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентін есептеулер туралы мәліметтер, олардың пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы мәліметтер;
  - 3) Биржа мүшесінің атқарушы органының қабылдаған шешімдері туралы мәліметтер;
  - 4) Биржа мүшесіне қатысты өуілетті мемлекеттік органның бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес қолданған шектеу ықпалшаралары мен санкциялары туралы мәліметтер;
  - 5) Биржа мүшесі акционерлерінің (қатысушыларының) құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтер;
  - 6) Биржада қаржы құралдарымен арнайы мамандырылған сауда-саттықтар өткізу туралы мәліметтер;
  - 7) Биржаның қадағалау бөлімшесінің сауалы бойынша ұсынылатын, мәміле/мәмілелер жасау жағдайлары туралы мәліметтер;
  - 8) Биржа мүшесінің ішкі құжатына сәйкес, инсайдерлік ақпарат деп белгіленген, өзге де ақпараттар.
8. Тізімнің 7 тармағында аталған ақпараттарды Биржа бағалы қағаздар (туында бағалы қағаздар) эмитенттерінен және/немесе рұқсаттама бастамашыларынан алған сәттен бастап Қазақстан Республикасы заңнамасына және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес тұлғалардың шектелмеген саны арасында ашу сәтіне дейін инсайдерлік ақпарат болып табылады.

#### **4 бөлім. Биржаның сауда-саттық ұйымдастырушысы міндеттерін атқару шегінде Биржа органдарының қабылдаған шешімдері туралы ақпараттар**

9. Инсайдерлік ақпаратқа Биржаның сауда-саттық ұйымдастырушысы міндеттерін атқару шегінде туындайтын, Биржа органдарының, лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ Биржа комитеттерінің және комиссияларының шешімдері туралы мәліметтер жатады:
- 1) бағалы қағаздардың листингі, делистингі, ресми тізімінің санатын (санатшасын) ауыстыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес, шығарылатын, облигацияларды ресми тізімге енгізу Биржаның келісімін беру туралы;
  - 2) листингілік талаптарды бұзған және осы тәртіп бұзушылықтарды жою бойынша іс-шаралар жоспарын ұсынған, листингілік компанияларға қатысты;
  - 3) қандай да бір рейтингтік агенттіктің, бағалаушыны немесе аудиторлық ұйымды, Биржа мойындайтын рейтингтік агенттіктер, бағалаушышальыр, аудиторлық ұйымдар тізіміне енгізу және тізімнен шығаруға қатысты сұрақтар бойынша;
  - 4) Биржаның, сауда-саттық ұйымдастырушысы ретінде қызметіне байланысты, Биржаның ішкі құжаттарын қарау және/немесе бекіту, немесе оларға өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу сұрақтары бойынша;
  - 5) ұйымдарды Биржа мүшелігіне қабылдау және оларды Биржа мүшелігінен шығару сұрақтары бойынша;
  - 6) Биржа мүшесін Биржа өткізетін сауда-саттыққа жіберу немесе Биржа мүшесін сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы;
  - 7) Биржа мүшесіне маркет-мейкер мәртебесін беру немесе осындай мәртебеден айыру сұрақтары бойынша;
  - 8) Биржа мүшелеріне қатысты олардың Биржа алдында және/немесе сауда-саттықтың басқа да қатысушылары алдында өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған, ықпалшараларды, соның ішінде айыппұл ықпалшараларын қолдану туралы;

- 9) қаржы құралдарымен Биржада сауда-саттықтар ашу, қайта бастау, уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы;
  - 10) қаржы құралдарын Биржадағы айналысқа (сауда-саттыққа) жіберу, сондай-ақ, айналысқа (сауда-саттыққа) жіберілген қаржы құралдарын ресми тізімнен шығару туралы;
  - 11) Биржадағы қаржы құралдардың сауда-саттық тәртіптемесінің өзгеруі туралы;
  - 12) ұйымға биржалық нарықтың белгілі секторы бойынша сауда-саттықтың клирингтік қатысушысы мәртебесін беру, осындай мәртебені беру туралы келісім-шартты бұзу немесе тоқсату туралы;
  - 13) Биржада айналысқа жіберілген, қаржы құралдарының белгілі бір тобы бойынша, немесе Биржадағы сауда-саттыққа қатысушылардың белгілі бір тобы үшін есеп айырысу тәртіптемесін белгілеу, сондай-ақ осындай есеп айырысу тәртіптемесін өзгерту туралы;
  - 14) Биржа мүшелерінің, листингтік компаниялардың, сондай-ақ биржалық ақпаратты алушылар төлейтін алымдар мен жарланалар сомаларын белгілеу немесе өзгерту туралы;
  - 15) бағалы қағаздардың нарықтық бағалауын жүзеге асыруға, сондай-ақ осындай бағалаудың критерийлерін анықтауға байланысты сұрақтар бойынша;
  - 16) биржалық индекстер мен индикаторларды есептеуді жүзеге асырумен байланысты сұрақтар бойынша;
  - 17) Биржаның ең көзге түскен Биржа мүшелерін және листингтік компанияларын анықтауына және марапаттауына байланысты сұрақтар бойынша;
  - 18) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау сұрақтары бойынша;
  - 19) Биржа органдарының бекіткен тәуекел-параметрлерін есептеу әдістемесі бойынша, биржалық сауда-саттығының клирингтік қатысушыларының қаржылық жағдайын бағалау әдістемесі бойынша және, Биржаның зияткерлік меншігі болып табылатын, басқа да құжаттарында қамтылған, ақпараттар.
10. Тізімнің 9 тармағында аталған ақпараттар, пайда болған сәттен бастап Қазақстан Республикасы заңнамасына және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес тұлғалардың шектелмеген саны арасында ашу сәтіне дейін, инсайдерлік ақпарат болып табылады.

## **5 бөлім. Биржалық сауда-саттықтар туралы ақпараттар**

11. Биржа өткізетін сауда-саттықтар туралы келесі ақпараттар инсайдерлік ақпаратқа жатады:
- 1) Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер туралы кез келген мәліметтер, сондай-ақ, өтінімдер туралы мәліметтердің негізінде құрастырылған, есеп берушіліктер мен өзге де құжаттар;
  - 2) Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер туралы, олардың расталуы немесе расталмауына немесе орындалмауына қарамастан, кез келген мәліметтер, сондай-ақ, сауда-саттықтар нәтижесі бойынша құрастырылған есеп берушіліктер мен басқа да құжаттар;
  - 3) Биржа мүшелерінің қандай да бір қаржы құралының арнайы мамандандырылған сауда-саттығын өткізуге берген өтініші, сондай-ақ өткізілуі жоспарланған арнайы мамандандырылған сауда-саттықтың параметрлері туралы мәліметтері берілген, кез келген басқа да материалдар;
  - 4) Биржа мүшесінің өтініші бойынша өткізілген арнайы мамандандырылған сауда-саттығы барысында және нәтижесінде ұсынылған құжаттар, атап айтқанда мөлшерлемелер немесе кесімді бағалар туралы мәліметтері берілген құжаттар, сондай-ақ қанағаттандыруға жататын өтінімдердің тізімі;

- 5) биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттық шоттары туралы ақпараттар;
  - 6) есептелген және Биржа мүшелері нақты төлеген, комиссиялық алымдары мен биржалық жарналарының сомалары туралы ақпараттар;
  - 7) Биржаның қадағалау функциясын жүзеге асыру шегінде өзірленетін, күдікті мәмілелер туралы есеп берушіліктер және басқа да материалдар мен құжаттар.
12. Тізімнің 11 тармағында аталған ақпараттар, пайда болған сәттен бастап Қазақстан Республикасы заңнамасына және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес тұлғалардың шектелмеген саны арасында ашу сәтіне дейін, инсайдерлік ақпарат болып табылады.

### **6 бөлім. Бағалы қағаздар эмитенті ретінде, Биржа туралы ақпараттар**

13. Бағалы қағаздар эмитенті ретінде, Биржа туралы келесі ақпараттар инсайдерлік ақпаратқа жатады:
- 1) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің назарына жеткізілуі тиіс, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының және Биржалық кеңестің сұрақтар тізімі бойынша қабылдаған шешімдері туралы ақпараттар,
  - 2) Биржа органдарының құрамы өзгеруі туралы;
  - 3) Биржаның дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) он және одан аса пайызын иеленген, акционерлердің (қатысушылардың) құрамы өзгеруі туралы;
  - 4) Биржаның лауазымды тұлғаларының Биржаның жарғылық капиталындағы, Биржаның еншілес және тәуелді ұйымдарында қатысу үлесінің мөлшерінің өзгеруі туралы және/немесе аталмыш тұлғаларға тиесілі Биржаның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларындағы үлесінің мөлшері өзгеруі туралы;
  - 5) Биржаны, оның еншілес және тәуелді ұйымдарын қайта ұйымдастыру немесе жою туралы;
  - 6) Биржаны мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы;
  - 7) заңды тұлғаны ұйымдастыруды Биржаның қатысуы туралы;
  - 8) қандай да бір ұйым акцияларының (үлестерінің) он және одан аса пайызына Биржа иеленген, ұйымдардың тізімі өзгергені туралы;
  - 9) Биржаның қандай да бір коммерциялық ұйымның жарғылық капиталында қатысу үлесін немесе қандай да бір акционерлік қоғамы акцияларындағы үлесін сатып алуы, сондай-ақ осындай үлестің өзгеруі туралы;
  - 10) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттығын ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру бойынша және басқа да лицензияланатын қызметтер түрлерін жүзеге асыруға Биржаға лицензия беруі туралы және, Биржа қызметіне елеулі ықпал ететіндей, берілген лицензияның қолданысын уақытша тоқтату немесе біржола тоқтату туралы;
  - 11) Биржаның бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы, сондай-ақ оларды орналастыру нәтижелері туралы есептер туралы;
  - 12) Биржаның бағалы қағаздар шығарылымы аңдатпасына енгізілген өзгертулер туралы;
  - 13) Биржа қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы;
  - 14) Биржаның қаржылық есеп берушілігінің мазмұны;
  - 15) Биржаның ірі мәмілелер және мүддесі бар мәмілелер жасауы туралы;
  - 16) Биржаның меншікті капиталының көлемінен жиырма бес және одан аса пайызын құрайтын көлемде, несие алғаны туралы;
  - 17) Биржа активтерінің бес және одан аса пайызын құрайтын сомаға, Биржаның мүлігін кепілге (қайта кепілге) қою туралы;

- 18) Биржа мүлігіне тыйым салу туралы;
  - 19) Биржаны және оның лауазымды тұлғаларын әкімшіліктік жауапкершілікке тарту туралы;
  - 20) төрелік соттың Биржаға және/немесе оның еншілес ұйымдары мен тәуелді ұйымдарына қатысты банкрот болу іс қозғауы және/немесе банкроттық процедураларының бірін енгізуі туралы;
  - 21) Биржаға, оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарына, қанағаттандыруы Биржаның, оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржылық жағдайына немесе шаруашылық қызметіне елеулі ықпалын тигізуі мүмкін болатындай, талап арыздардың ұсынылуы туралы;
  - 22) бір тарабы Биржа болып табылатын, корпоративтік дау бойынша сотта істің қаралуы туралы;
  - 23) теңгерімдік құны, Биржа активтерінің он және одан аса пайызын құрайтын, Биржа мүлігінің төтенше жағдай сипатындағы жағдайлардың туындауы туралы.
14. Тізімнің 13 тармағында аталған ақпараттар, пайда болған сәттен бастап Қазақстан Республикасы заңнамасына және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес тұлғалардың шектелмеген саны арасында ашу сәтіне дейін, инсайдерлік ақпарат болып табылады.

**7 бөлім. Биржаның қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметін жүзеге асыруы барысында туындайтын, ақпараттар**

15. Биржаның қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметін жүзеге асыруы барысында туындайтын ақпараттардың келесілері инсайдерлік ақпаратқа жатады:
- 1) клирингтік жүйесіндегі, Биржаның клирингтік қызмет көрсетуге қабылдайтын сауда-саттықтардың клирингтік қатысушылары мен олардың қаржы құралдары бойынша клиенттерінің жайғасымдарын есепке алуға, сондай-ақ Биржаның клирингтік қызметін жүзеге асыру нәтижелері бойынша сауда-саттықтың клирингтік қатысушыларының нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелерін есепке алуға арналған тіркелімдерде қамтылған, ақпараттар;
  - 2) орталық депозитарийге немесе өзге есеп айырысу ұйымына берілетін тапсырмаларды (есеп айырысу туралы бұйрықтарда) қамтылған, ақпараттар;
  - 3) сауда-саттықтың клирингтік қатысушыларына арналған клирингтік қызметтің нәтижелері бойынша есеп берушілікте қамтылған, ақпараттар;
  - 4) Биржамен клирингтік қызмет көрсетуге қабылданған, қаржы құралдары бойынша есептелген тәуекел-параметрлері туралы ақпараттар;
  - 5) биржалық сауда-саттықтардың клирингтік қатысушыларынан алынатын, мәліметтер.
16. Тізімнің 15 тармағында аталған ақпараттар, пайда болған сәттен бастап Қазақстан Республикасы заңнамасына және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес тұлғалардың шектелмеген саны арасында ашу сәтіне дейін, инсайдерлік ақпарат болып табылады..

**8 бөлім. Қорытынды қағидалар**

17. Тізімге енгізілетін барлық өзгертулер Биржалық кеңестің шешімімен енгізіледі.
18. Тізімде реттелмеген сұрақтар бойынша, Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасын және Биржаның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Президент

Қ.Қ.Дамитов